

Үш тілді меңгеру – жарқын болашақтың кепілі

ҚР «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» нысаналы индикаторы бойынша ағылшын тілін меңгеру бойынша Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде 2016-2018 жылдар аралығында АрқМПИ-ның профессор- оқытушылары ағылшын тілінің курсына қатысып, «Pre-Intermediate» жалғастырушы деңгейін меңгеріп, өз біліктіліктерін көтерді.

Жалпы курстың негізгі мақсаты – тыңдаушылардың ағылшын тілі деңгейін арттыру, оқытушының арнайы пәнді оқытудың саласындағы қабілеттерін және дағдыларын қалыптастыру. Бұл курс өз пәндерін ағылшын тілінде өткізетін оқытушылар үшін көп көмегін береді.

Курс бағдарламасы тыңдаушылардың тілдік деңгейін арттыруға, күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып, оқу орындарында ағылшын тілін арнайы пән

оқытуда маңызды рөл атқарады. Курс барысында тыңдаушылар тест тапсыру, презентация жасау және өзге де деңгейлік тапсырмалар орындап, алған білімдерін қорытындылап, белгіленген үлгідегі арнайы сертификатқа ие болды.

Бүгінде аталған Тілдерді оқыту орталығында 2 жыл бойы ағылшын тілін үйретіп, тілдік деңгейімізді өсіріп, біліктілігімізді арттыруда өзіндік үлес қосқан орталық қызметкерлеріне зор алғысымызды жеткізгіміз келеді. Тіл дамытуда жасап жатқан жұмыстарына тек қана шығармашылық табыс тілейміз!

Алдағы уақытта, осы біліктілікті арттыру курсын аяқтағаннан кейін үш тілде білім беруде, өңіріміздегі Б.Алтынсарин атындағы қара шаңырақта жоғары білім беру жүйесі мен бәсекеге қабілеттілікті дамытуға, білім сапасын арттыруға барынша үлесімізді қосамыз деген сенімдеміз.

**Самал ЖАМАЛОВА,
Сәуле БАЙЗАҚОВА,
АрқМПИ «Информатика кафедрасының» аға оқытушылары, «Арқалық қаласы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығының» ағылшын тілі курсын бітірушілер.**